

FTAMP 03.09.55

<https://doi.org/10.26577/JH20251161014>**Д.К. Сансызбаев** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: sansyzbaev.duman@gmail.com

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ЭЛИТАСЫ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ: ЗАМАНАУИ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Бұл мақаланың мақсаты XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Орталық Азия зияткерлік элиталарының қызметі туралы шетел зерттеушілерінің еңбектерін тарихнамалық тұрғыдан талдау. Орталық Азия тарихындағы бұл кезең аймақтағы халықтардың өмірінде әртүрлі трансформациялық үдерістермен ерекшеленді. Зерттеу материалдары ретінде соңғы отыз жыл ішінде жарық көрген шетелдік зерттеушілердің монографиялары мен мақалалары пайдаланылды. Тарихнамалық талдауды жүргізу шетел тарихшыларының зерттеулерінде осы тақырыпты ашуда қолданған ғылыми әдіс-тәсілдерді, теориялық негізді және түсіндіру модельдерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ батыс және отандық зерттеулер әдіснамасындағы айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Шетелдік зерттеулерге тарихнамалық талдау жасау жаңа әдіснамаларды (жаһандық, постколониалдық және т.б.) және халықаралық академиялық пікірталастарды Қазақстан тарихшыларының ғылыми кеңестігімен біріктіруге, сондай-ақ Орталық Азия зияткерлік элитасын отарлық және жаһандық тарихтың кең контекстінде белсенді қатысушылар ретінде зерттеуге ықпал етеді. Берілген мақаланың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы отандық ғылым әдіснамасын байытуға, ислам және қоғамның либералдануы, мұсылман қозғалысы, жәдидшілдіктің Орталық Азияның мәдени дамуына әсері мәселесі жаңа тәсілдер арқылы қайта қарастырылуда.

Түйін сөздер: Орталық Азия, модернизация, жәдидшілдік, интеллектуалды тарих, зиялы қауым.

D.K. Sansyzbayev

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: sansyzbaev.duman@gmail.com

The intellectual elite of Central Asia in the second half of the 19th – early 20th century: a historiographical analysis of contemporary foreign literature

The purpose of this article is to conduct a historiographical analysis of foreign researchers' works on the activities of the intellectual elite in Central Asia during the second half of the 19th to the early 20th century. This period in Central Asian history is marked by transformative processes across various spheres of life for the region's peoples. The research materials include monographs and articles by foreign scholars published over the past thirty years. Conducting a historiographical analysis allows for a deeper understanding of the scholarly approaches, theoretical frameworks and interpretative models employed by foreign historians in studying the intellectual elite, as well as identifying methodological differences between Western and domestic studies. The analysis of foreign research facilitates the integration of new methodologies (global, postcolonial, etc.) and international academic debates into the scientific discourse of Kazakhstan historians, positioning Central Asia's intellectual elite as active participants within the broader contexts of colonial and global history. The scientific and practical significance of this article in enriching the methodology of domestic scholarship, fostering an understanding of new approaches and reinterpreting key issues such as Islam and the liberalization of public life, muslim reforms movements, the influence of Jadidism on the cultural development of Central Asia. By engaging with international perspectives, the study aims to contribute to a more nuanced and globally contextualized examination of the region's intellectual history.

Key words: Central Asia, modernization, jadidism, intellectual history, intelligentsia.

Д.К. Сансызбаев

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: sansyzbaev.duman@gmail.com

**Интеллектуальная элита Центральной Азии второй половины
XIX – начала XX вв.: опыт историографического анализа
современной зарубежной литературы**

Целью данной статьи является историографический анализ зарубежных исследователей о деятельности интеллектуальной элиты Центральной Азии второй половины XIX – начало XX вв. Данный период в истории Центральной Азии отмечен трансформационными процессами в разных сферах жизни народов данного региона. Материалами исследования послужили монографии и статьи зарубежных исследователей за последние тридцать лет. Проведение историографического анализа позволяет глубже понять научные подходы, теоретические рамки и интерпретационные модели, которые использовались зарубежными историками в изучении интеллектуальной элиты, выявить различия в методологии западных и отечественных исследований. Историографический анализ зарубежных исследований способствует интегрированию новых методологий (глобальный, постколониальный и др.), международных академических дискуссий в научное поле историков Казахстана, изучению интеллектуальной элиты Центральной Азии как активных участников в широком контексте колониальной и глобальной истории. Научно-практическое значение представленной статьи состоит в обогащении методологии отечественной науки, понимании новых подходов, переосмыслении таких вопросов как: ислам и либерализация общественной жизни, мусульманское движение, влияние джадидизма на культурное развитие Центрального Азии.

Ключевые слова: Центральная Азия, модернизация, джадидизм, интеллектуальная история, интеллигенция.

Кіріспе

Түркі халықтарының тарихын зерттеу шетелдік тарихнамада Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін кеңінен қарастырыла бастады. XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін әрине ондай зерттеулер болды, дегенмен оған дейін көбіне шетелдік зерттеушілер кеңестік авторлардың жазылған еңбектеріне сүйенуіне мәжбүр болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін құрамында болған мемлекеттердің архивтары қол жетімді бола бастады, көптеген жаңа зерттеулерге жол ашты (Ross, 2020:6-7). Орталық Азияның тарихын жаңа қырынан зерттеу қажеттігі және рөліне назар аудару керектігі бөлек мәселе, себебі шетелдік тарихнамада бұл аймақтың тарихы қалыптасқан отарлық және геостратегиялық тұсынан қарастырылып келеді (Sultangalieva, 2015).

Ресей империясының тарихында зиялы қауымның рөлі қоғамдық-саяси қызметіне қатысты зерттеулер соңғы отыз жылда көптеп шығып жатыр. Бұл зерттеулер әсіресе интеллектуалды тарих бағыты аясында кеңінен қарастырылуда. Интеллектуалды тарих саласы өзекті тарихи зерттеулердің бағытының біріне айналып отыр. Интеллектуалды тарих пәнаралық сала болып есептеледі. Ғылыми айналымда бұл пәнаралық саланың нақты анықтамасына келетін болсақ әртүрлі түсіндірмелерді бар. Ин-

теллектуалды тарих идеяларды, олардың пайда болуын, дамуы және қоғамға әсерін, сонымен қатар ол идеяларды белгілі бір тарихи контексте қалай қалыптасатынын және олардың өз кезегінде адамдардың шешімдері мен қоғамның дамуына қалай ықпал ететінін зерттейді (Wortman, 2023:27-39). Л.Репина интеллектуалды тарихтың қазіргі замандағы методологиялық әдісі контекстуализациялау бағытына өзгергенін байқайды. Тарихшының ең басты міндетін – тарихи мәтінді түсіну деп біледі. Өз кезегінде тарихи мәтіннің әр түрімен жұмыс жасауда контекстке мән беру керек (Repina, 2008:8).

Зерттеушілердің қызықтыратын сұрақтардың бірі Ресей империясы құрамындағы халықтардың XX ғ. екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы зиялы қауымының рөлі. Бұл хронологиялық шеңберде Орталық Азияның зиялы қауымы қалыптасты.

Зиялы қауым – қоғамның маңызды тобы. Империяда орын алған модернизация үдерісінде зиялы қауымның рөліне қатысты біршама дискуссиялық мәселе бар шетел ғалымдары арасында. Модернизация – тарихи тұрғыдан аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға өту үрдісі., бұл үрдіс мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік саладағы өзгерістермен бірге жүреді. Шетел зерттеушілердің пікірталастарының негізгі дінгегін келесі сұрақтар аясында топтас-

тыруға болады: модернизация бұл сыртқы фактордың әсері немесе ұлттық шет аймақтардың өздерін сақтап қалу жолы ретінде ішкі фактор негізінде қалыптасты деген мәселе төңірегінде ұйысады, дін және зайырлылық, интеллектуалды элиталардың модернизация аясындағы рөлі, жәдидшілдіктің модернизациямен байланысы. Бұл мәселелерден басқа әрине басқа да мәселер жеткілікті, дегенмен тарихнамалық шолу аясында осы мәселелерге қатысты ғалымдардың көзқарастарына талдау жасауға тырысамыз. Сонымен модернизация – бұл әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси трансформация, дәстүрлі қоғамды индустриалды қоғамға түрлендіру, либералды-демократиялық институттарды, құқықтық мемлекетті және азаматтық қоғамды қалыптастыру (Kradin, 2009:166-176).

Материалдар мен әдістер

Орталық Азия мемлекеттерінің тарихын зерттеу үдерісі соңғы отыз жылда біршама көбейді, бұл түсінікті үрдіс. Себебі 1991 жылдан кейін шетелдік зерттеушілер үшін Орталық Азия мемлекеттерінің және Ресейдің архивтарында зерттеу жүргізу қолжетімді бола бастады. Бұл жағдай өз кезегінде тарихты жан-жақты және объективті, сонымен қатар шетелдік зерттеу тәжірибесі тұрғысынан жазуға мүмкіндік туғызды. Орталық Азия тарихын зерттеп жүрген шетелдік зерттеушілердің қатары көп. Тақырыбымыздың аясында Адиб Халид, Томохико Уяма, Даниелла Росс, Ян Кэмпбелл және де т.б. ғалымдардың еңбегіне сүйендік.

Мақаланың негізгі басты міндет шетелдік ғалымдардың еңбектеріне тарихнамалық талдау болғандықтан деректік негіз ретінде монографиялар, мақалалар және жинақ ретінде жарық көрген еңбектер мен электрондық ресурстар қолданылды. Зерттеу материалдарын таңдау барысында келесі критерийлер қолданылды: қарастырып отырған мақала тақырыбына сәйкестілігі; соңғы жылдарда жарияланған зерттеу жұмыстарына сүйенуге тырыстық; хронологиялық сәкестілік; әдіснамалық әртүрлікке назар аударылды; тақырыптық фокус ретінде Орталық Азияның интеллектуалдарының рөліне оның ішінде жәдидтердің, түркі ағартушыларының, дін ғұламаларының интеллектуалды дискурсты қалыптастырудағы рөлін қарастыратын еңбектерге назар аудардық.

Зерттеу жұмысы әдіснамалық негіз ретінде тарихнамалық талдауға сүйенді. Тарихнамалық талдау жасау барысында салыстырмалы-тарихи,

нарративтік әдіс қолданылды, дискурс-анализ әдіс-тәсілдері қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіске келетін болсақ Орталық Азияда зияткерлік топтарды, модернизация үдерісі жекелеген өңірлерде қалай іске асты, әртүрлі аймақтағы зиялы қауымның рөліне талдау мақсатында пайдаланылды. Нарративтік әдіс болса жалпылама осы кезеңді сипаттау үшін қолданылды. Дискурс-анализге келетін болсақ шетелдік зерттеушілер жәдидшілдік түсінігін қалай түсіндіреді соны қамтымақ.

Шетелдік зерттеушілер жаһандық, постколониалдық және интеллектуалды тарих тұрғысынан аймақ тарихын қарастырулары Орталық Азия тарихын басқа қырынан көрсетті.

Нәтижелер мен талқылау

Кез-келген қоғамда өзгерісті жасаушы – зиялы қауым. Интеллигенция сөзінің аудармасы ретінде біз қазақ тілінде «зиялы қауым» сөз тіркесін пайдаланамыз. М.Туна өзінің мақаласында «интеллигенция» анықтамасының мағынасын ашып, өз түсіндірмесін ұсынады. Түсініктің анықтамасын Ресей империясының түркі мұсылман халықтарының зиялы қауымының қалыптасу контекстінде түсіндіреді.

М.Туна түсінігі бойынша «зиялы» сөзінің мағынасы кең. Ғалымның анықтамасында зиялы қауым – дегеніміз халқының мұқтаждығын ойлайтын, өздеріне қоғамның алдына әлеуметтік жауапкершілік алған және халқының жағдайын жақсартуға ұмтылатын топ (Mustafa, 2017: 275-281). Анықтаманы М.Туна Ресей империясындағы түркі мұсылмандарының зиялы қауымның қалыптасуын түсіндіру барысында береді. Оның пікірі бойынша империяда түркі мұсылман халықтарында алғашқы зиялы қауым буыны 1905 жылы пайда болған. Дәлелі ретінде интеллектуал, саяси белсенді Фатих Керимидің (1870 – 1937) архивтің қорынан табылған құжаттарды келтіреді. Бұл құжаттар оның Орынбор қаласындағы баспасына көшірмесін жасап, басып шығару үшін берілген болуы да мүмкін. Құжаттарға келетін болсақ: бірінші құжат – Петербург мұсылман студенттерінің үйірмесі жарғысы. Мақсаттары мұсылман студенттерінің мәдени және саяси сана сезімін арттыру, оқыған білімді азаматтар қарапайым халықты оқыту және бағыттау, мұсылман халықты еуропалық үлгіде әлеуметтік және мәдени трансформациялау. Екінші құжат бүкіл – Ресей мұсылмандарына үндеу, ал үшіншісі осы аймақтың мұсылман діни жиналысы басшысына жіберілген петиция. Жалпы осы

үш құжатқа сүйене М.Туна түркі халықтарының арасында зиялы қауымның пайда болуының дәлелі ретінде алып отыр. Үш құжаттада оның авторларының алдына қойған мақсаты халықтың жағдайын жақсарту, түркі мұсылман халықтарын біріктіру, мәдени және әлеуметтік өзгерістер жасау, халықтың санасын ояту және т.б. мақсаттар қойылған (Mustafa, 2017: 268-271).

Ресей империясының XX ғ. екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы кезеңге қатысты зиялы қауым деп көбіне жәдидшілік және зайырлы бағытта қоғам қызметіндегі жүрген білімді азаматтар ретінде қабылданады.

Түркі мұсылман халықтарының жағдайы Ресей империясының отаршылдық кезінде біршама өзгеріске ұшырады. Саяси, мәдени, экономикалық мәселелер туындады. Дін мәселесі, жергілікті халықтардың құқығы, өзін-өзі басқару ісінен аластатылуы және экономикалық қиындықтар жергілікті халықтарды осы мәселелерді шешу жолын іздестіруге итермеледі. Қоғамды модернизациялау содан туындаған нәтиже. Қоғамды модернизациялауда жергілікті халықтардың өкілдері, оған жетудің жолын әртүрлі елестетті. Зиялы қауым арасында көзқарас айырмашылығы пайда болды, соның салдары ретінде пікірталастар орын алды.

Мәселе төңірегінде қазақ, татар және Орталық Азия халықтары модернизация үдерісін жүргізуге, қоғамды реформалауды интеллектуалды элиталары іске асыруға тырысты. Бұл бірінші кезекте сол халықтардың даму деңгейіне, діни ахуалына, зайырлы білім ордаларының және тағы да басқа жағдайларға байланысты болды.

Қазақ халқының көзі ашық, білімді азаматтары қоғамның жаңа заман талабына сай дамуы керектігін түсінді. Бұл ұлттың өзін-өзі сақтап қалу – факторы ретінде қабылданды. Жапон тарихшысы Т.Уяма XX ғ. екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының жағдайын зерттеген ғалымдардың бірі. Зерттеуші қазақ халқында зиялы қауым XX ғ. ортасында орысша білім алған топтан шықты деп санайды. Оның қатарына Ш.Уәлихановты, Ы.Алтынсаринді және сонымен қатар басқада азаматтарды қосып отыр. Оның түсінігінде зиялы қауым – бұл білімді азаматтар, қоғамдағы хал-ахуалға сыни көзқараспен қарайтын және сол қоғамды өздерінің деңгейіне жеткізуге ұмтылған топ. Т.Уяма зиялы қауым анықтамасын анықтаудың күрделі екенінін айтады. Зиялы қауым тобына кіргізу үшін бірнеше өлшемшарт қояды: заманауи білім алған (ол зайырлы неме-

се жәдидтік) және өз бетімен білім алып жүрген азаматтар, әлеуметтік және саяси белсенділігі бар. Зиялы қауым тобына кірмегендер дәстүрлі діни білім алған және де тек кәсіби жұмысымен айналысып жүрген топ. Ғалымның пікірі бойынша қазақ халқының интеллигенциясының саны XX ғасырдың басында көбейді, оған ықпал еткен орыс және мұсылман білім беру жүйесінің кең таралуы (Uyama, 2000:76-77). Жалпы ел арасындағы әртүрлі бағыттағы қозғалыстардың ұйымдастыруға күші жеткілікті әлеуметтік топ қалыптаса бастады дейді.

П.Ротьеңің зерттеу жұмысында қазақ зиялы қауымының мақсаты ұлтшылдықты қалыптастыру жолында қызмет еткен деп тұжырымдайды. Қазақ зиялы қауымы Ресей империясы қалыптастырған жағдайға бейімделе келе өздеріне империя ішінде құқықтық теңдік алуға тырысқан. Отаршылдық қазақ ұлтшылдығының дамуына алып келді. Қазақ зиялы қауымы Ресей империясының жүргізген жер саясатына қарсы тұру үшін сонымен қатар құқықтық теңдік алу үшін ұлтты, ұлтшылдықты дамытуға назарын қойған (Rottier, 2005).

Ұлтшылдықты дамытуда зиялы қауым, қазақ даласының интеллектуалдары ерекше мәнді өзінің терең тарихы бар ұлт ретінде таныту үшін тарихын жазу арқылы жүзеге асырды. Қазақ зиялы қауымы империя билігі және әлемдік саяси сахнада ұлт ретінде қабылдануы олардың өзін репрезентациялауы үшін жазбаша тарихының және ұлттық әдебиеттің дамуы маңызды фактор ретінде санады. Және де жазбаша тарихтың маңыздылығы жер мәселесінің ұшығуы және де осы жерді қорғау, бұл жердің заңды иесі екенін дәлелі ретінде керек болды (Rottier, 2005:188-204). П.Ротье ұлт моделінің дамуы ретінде қазақ ұлтының жағдайында Мирослав Грохтың ұлтшылдық теориясын пайдаланған (Hroch, 1996).

Қазақ халқының жағдайына келетін болсақ Т.Уяманың пікірі бойынша қазақ зиялы қауымы белсенді ағартушылық және қоғамдық қызметпен айналысуды 1905 жылы қалыптасқан бір топ білімді азаматтар жүзеге асыруға дайын болды деп санайды (Uyama, 1997).

Қазақ зиялылары қоғамды реформалауда дінге және зайырлы білімге басымдық беруге тырысқан. Ислам дінін қоғам дамуында маңызды күш ретінде санаған зиялының бірі М.Дулатұлы болды. Ғалым XX ғасырдың басындағы интеллектуалды элита қатарына жататын М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағын талдай келе келесі тұжырымдар жасайды: қайраткер ислам дінін қазақ халқының мәдениетінде маңыз-

ды орын алатынын мойындай отыра діни білім алуға, дінді ұстануды үндеген; ол қазақ даласындағы ислам дінінің формаларын сынай келе оны реформалауға шақырған; ол дінді қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуде оның тиімділігі тұрғысынан пайдалануды көздеген; ғалым оны ұлтшыл деп санаймайды; ақын және жазушыны қазақ қоғамын жаңғырту аясында дінмен қоса әлемдік өркениет жетістіктерін пайдалану керек деп санаған, орыс тілін білу, үйрену және білімін алу соның бір жолы ретінде қабылдады. Ғалымның негізгі басты тұжырымы ол қайраткердің қазақ зиялы қауымының ішінде бірінші болып модернизация түсінігін қалыптастырған (Uyama, 1997:20-36). Басқа түркі халықтарын зиялылары секілді ол қоғамның дамуының кілтін – білім деп білді. Оның көзқарастарында сол уақытта дамып келе жатқан жәдидшілдік қозғалыстың қағидаттарын, белгілерін көруге болады. Қазақ зиялы қауымының арасында ерекше орынға ие Ә.Бөкейханға келетін қоғамның дамуында батыстық білімнің маңызды, алға жетелеуші фактор ретінде санаушылардың қатарында болған. Т.Уяма Ә.Бөкейханды дінге қарсы келмеген зиялылардың қатарына жатқызады, дегенмен қоғамның дамуында зайырлылық пен еркіндікті қолдаған. Осы ретте қазақ зиялы қауымы арасында қарастырып отырған ширек ғасырдың басында ұлттың дамуын дінмен, батыстың либерализмі мен демократиясы, социализм идеологиясымен, жалпы айтқанда қазақ халқының болашағын осы бағыттармен байланыстырды.

Ресей империясының мұсылман зиялы қауымы арасында қоғамды трансформациялау үдерісінде жоғарыда айтып өткеніміздей негізгі дискусиялық мәселеге айналған ол дін мен модернизацияны ұштастыру болды. Жапон ғалымы осы мәселені қазақ зиялы қауымының жағдайында Бақытжан Қаратаев және алашордалықтар арасындағы қарым-қатынасының өзгеру барысын мақаласында қарастырып өткен. Мақаласында Бақытжан Қаратаевпен және Ә.Бөкейхан арасында пайда болған дискусиялық мәселе діннің қазақ қоғамындағы орны. Ғалымның жасаған зерттеуіне сүйенетін болсақ Б.Қаратаев және бір топ қазақ зиялылары ислам дінінің қазақ халқы үшін басқа да мұсылман халықтарымен жақындасу мүмкіндігін беретін факторлардың бірі ретінде уәжін келтірген (Uyama, 2010:15).

Орталық Азияны зерттеген ғалымның бірі А.Халид осы аймақтағы зиялы қауымын, оның ішінде әсіресе жәдидшілдік қозғалысын жан-жақты қарастырған. Жәдидшілдік модерниза-

ция үдерісінің бір тармағы ретінде қарастыруға болады. Орталық Азияның бір ерекшелігі ислам дінін ұстану әртүрлі өңірлерінде бірегей болмады. Өзбекстан аумағындағы отырықшы халықтың дінді ұстануы қазақ халқына қарағанда араларында біршама айырмашылық болған. Бұл айырмашылық діншілдікке байланысты болды. Аймақта оның ішінде Өзбекстан аумағын қамтыған жерлерде модернизацияны жүргізу жәдидшіл интеллектуалды элитаның мойнына жүктелді. Жүкті өздерінің мойнына алу сол уақыттағы қоғамның жағдайы, сауатсыздық деңгейінің төмендігі тағы да басқа факторлар итермеледі (Adeeb, 1999:3-10).

А.Халидтің пікірі бойынша жәдидшілдік қозғалыстың өкілдерінің қозқарасы бірден қабылдана қоймады. Ғалым мәдени қозғалыс басқа діни топтардың арасынан қолдау таппағанын айтады (Adeeb, 2014:36-37). Қазақ даласының интеллектуалдары мен Өзбекстан аумағындағы зиялы қауымның арасындағы бір ерекшелік бұл жерде көбіне модернизацияның үдерісі жәдиттер мен дәстүрлі дінбасылар арасындағы қарсылыққа айналды. Ал қазақ даласында қоғамды реформалаудың жолын айқындауда зайырлы көзқарастағы және дінді қоғамның дамуының факторларының маңызды бөлігі ретінде санаған зиялы қауым арасындағы қарама-қайшылыққа ұқсамады (ссылка).

Жәдиттердің алдына қойған басты міндеттері – мұсылман қоғамының батыстың зайырлы білімімен қатар діни білімін алу, олардың ниеттерінде түбейгейлі діннен бастарту болмады, өздерінің бағдарламаларын дінді реформалау негізінде құрды (Adeeb, 2014:102).

Орталық Азияның интеллектуалды элитасы өз заманының реформаторлары болумен қатар, жаңа идеялардың бұлағы, интеллектуалды еңбектердің авторлары, отарлық әкімшілік және жергілікті қарапайым халық арасындағы дәнекерші рөлін атқарды. Олар қоғамды ағартушылық, мәдениет және саяси белсенділік негізінде заман талабына сай трансформациялауға тырысқан. Шетелдік тарихнамада олардың рөлі қоғамда тек діни қызметпен шектелмегені талданады, бұл жағдай көбіне Орталық Азияның оңтүстік аймақтарына қатысты құбылыс.

Орталық Азияның қазақ даласынан басқа аймақтардағы интеллектуалды элитаның қатарына Мунәуар Қары Абдурашидханов (1878-1931), Махмудқожа Бехбуди (1875-1919), Абдурауф Фитрат (1886-1938) – өзбек тарихшысы, ақын және жазушы., Садриддин Айни (1878-1954) – тәжік жазушысы, ғалым және қо-

ғам қайраткері., Хамза Хәкімзада Ниязи (1889-1929) – өзбек ақыны, драматургі және қоғам қайраткері., Абдулла Авлони (1878-1934) – өзбек жазушысы., Файзулла Ходжаев (1896-1938) және де т.б. жатқызамыз.

Орталық Азияның жәдидтері отаршылдық жағдайында ислам дінін, мәдениетті және өзіндік болмысты қайта қарастырды. Жәдидтер Орталық Азияның ұлттық сана-сезімнің қалыптасуында негізгі рөлді ойнады, этникалық және аймақтық ерекшелікке аса мән бермей мұсылмандық бірегейлікке назар қойған (Adeeb, 1999).

Орталық Азияның белгілі жәдидтері олар Мунәуар Қары Абдурашидханов (1878-1931), Махмудқожа Бехбуди (1875-1919) өзбек ағартушылары. М.Бехбуди Өзбекістан аумағында ағартушылық қызметпен айналысқан. Кітап жазып, газет шығарған. Ағартушылық қызметінде халқын заманға сай білім алуға және «ұйқыдан» оятуға тырысқан. М.Бехбуди осы аймақтың жәдидтерінің арасындағы ең танымалы және құрметтісі болып саналады. Мунәуар Қары Абдурашидхановта М.Бехбуди сияқты ағартушылық қызметін жасаған, кітап жазып, оны сатумен айналысқан, баспасы болған және театрда ашқан.

А.Халид жәдидшілдікті әлеуметтік және мәдени құбылыс деп санайды (Adeeb, 1999:90-93). Жәдидшілдік осы аймақта бастапқы кезеңінде мәдени өзгерістерге үндеумен өтсе, XX ғасырдың соңында қоғамдағы мәселелердің көтерумен және де өзгерістер жасау керектігі туралы күшті талпыныс байқалады. Орталық Азиядағы бұл қозғалыстың өзіндік ерекшелігі бар. Жәдидшілдіктің Ресей империясының аймақтарында өзіндік ерекшеліктері болды, дегенмен олардың ортақ белгілері: білімге ден қою, жаңа әдісті мектеп ашу, ортақ газеттерді оқуында еді. Мысалы қырым татарлары және қазақтар арасында бұл қозғалысты қолдаған ол қоғамның ақсүйектері. Еділ татарларының қозғалысы орта саудагерлер тобының ықпалы негізінде күшейіп солардың бағытталуымен жүрген, олардың басты уайымы экономикалық өзгерістер және татар халқының түбегейлі жойылуы қауіпінен туындады дейді. Бұл қозғалыстың бірегей болмауының себебі әр аймақта өзіндік мәселелері болуында (Adeeb, 1999:92-93). Д.Росста А.Халид сияқты Ресей империясындағы жәдидшілдік түркі халықтарының арасында таралуы бірегей болмады деген ұстанымда, және де әр аймақта өзіндік ерекшеліктері болғанына келіседі (Ross, 2020:141).

Д.Росс зерттеуінде татарлардың түркі мұсылман халықтарының арасында өздерін модернизация локомотиві санағанын көрсетеді.

Мысалы олар Орталық Азия соның ішінде қазақ даласындағы білім жүйесінде татар оқытушыларының міндеті ретінде осы аймақтағы жағдайды оңтайландыру болғанына деректер келтіреді. Д.Ростың пікірі бойынша татар жәдидтері бұл өңірде мәдени және экономикалық үстемдікке үмтылды (Ross, 2020:155-164).

Дін мен зайырлы білім арасындағы байланыс осы кезеңді зерттеп жүрген ғалымдардың пікірталасына айналып отыр. Бізге белгілідей Ресей империясында XX ғ. екінші жартысынан бастап білім беру орталықтары кеңінен ашыла бастады. Ресей империясы зайырлы білім орталықтарын дәлірек айтсақ орыс мектептерінің ашылуы жергілікті халықтардың өсіп келе жатқан жаңа буынға империяның білім ордаларынан білім алуға мүмкіндік берді. Діни орталықтарға, діни білім ордаларында XX ғ. екінші жартысында реформалар жүрді, барлығында болмаса да, дегенмен ондай үдерістер кеңінен мұсылман халықтары тұрып жатқан аймақтарда таралып жатты.

Ислам діні және модернизация осы ширек уақытта мұсылман қоғамында маңызды рөлге ие болды. Бір жағынан ислам діні империяның халқының мұсылман халықтарының өмірінде маңызды орынға ие бола отыра, сонымен қатар ділінің ажырамас бөлігіне айналды. Уақыттың талабына сай зиялы қауым өз қоғамдарын өзгертіп, халықтарының мүшкіл жағдайын өзгертуді зайырлы білім алуда және діннің оның ішінде шариғаттың рөлін шектеу керек деп санағандары да арасында табылған.

Қазақ даласының білімді азаматтарының көпшілігі діни біліммен қатар зайырлы білім алғандықтан оларды зайырлы бағыттағы зиялы қауымға немесе діннің мүддесін қорғап оны қоғамды өзгертуде маңызды күш ретінде санаған азаматтар қатарына жатқызуда ара-жігін ажыратуда қиындық бар деп санайды Т.Уяма (Uyama, 2013:95). Қазақ зар-заман ақындары тек діни білімді меңгеру даму жолы деп білген, халықтың басына түскен мәселерге келетін болсақ олар ешқандай мәселені шешетін шешім ұсынбады деп санайды. Қазақ ақындарының ислам дінінің халықтың өмірінде маңызды рөлге ие болады деп санауымен қатар орыс тілін, білімін үйренуді насихаттаған. Айқын дәлелі ретінде Абай Құнанбайұлын мысал ретінде келтіруге болады (Uyama, 2013:99). Дегенмен зиялы қауым арасында орыс тілін білу, білімін алу қоғамның дамуына алып келетін бір фактор ретінде саналды. Д.Росстыңда басқа ғалымдар іспеттес келісетін бір ортақ тұжырымдары – Ресей империясының шет аймақтарындағы халықтары үшін орыс тілі

модернизацияның негізгі элементінің бір бөлігі ретінде қарастырылуы (Ross, 2015:61).

Т.Уяманың көзқарасы бойынша ислам діні және модернизация аясындағы мәселелерінде зиялы қауым арасында біршама қарсылықтар болған. Ғалым қазақ зиялы қауымының қозғалысында ислам діні күшті факторды атқармады дейді (Uyama, 2000:143). Т.Уяма қазақ зиялы қауымы діннен толықтай бас тарпағаны анық екенін айтады, оның дәлелі ретінде М.Дулатұлының шариғат талаптары қоғамды реттеуде маңызды рөл атқаратынын келтірген (Uyama, 2000:144). Ғалым ислам діні қазақ қоғамы үшін маңызды болғанын көрсетеді, дегенмен автордың пікірі бойынша ислам діні қоғамдағы зиялы қауымның арасында бір топ зиялы ұлттың өміріндегі маңызды рөлді ойнайтын фактор тұрғысынан қараса тағы бір тобы одан бас тартпай, зайырлылық жолды таңдауды жөн көрген.

Ресей империясының мұсылман халқының интеллектуалды тарихына келетін орталық зерттеушілердің өзекті пікірталастарының бірі ол жәдидшілдіктің модернизациямен байланысы.

А.Халид модернизация үдерісіне қатысты зерттеуіне оралатын болсақ Өзбекстан аумағында қарастырып отырған хронологиялық шеңберде модернизацияны іске асыруға тырысқан – жәдидтер (Adeeb, 2014:44-46). Өлкеде ислам дәстүріне негізделген қоғамда жоғары беделге ие дін қызметкерлері еді егерде нақтырақ айтатын болсақ бұл сөздің мағынасына дінге қызмет етіп жүрген молдаларды, дін ғалымдарын жатқызсақ болады. Ғалымның пікірі бойынша жәдидтер мен дінге қызмет атқарып жүрген топ арасында шиеленіс пайда болған. Шиеленістің туындауының басты себебі қадымшы дін қызметкерлерінің қоғамдағы беделіне алаңдауы болды. Өзбекстанның Қазақстан аумағындағы модернизациядан бір ерекшелігі қоғамды реформалаудағы зиялы қауым, интеллектуалдар арасында зайырлылық және дін арасындағы пікірталастың болмауында. Өзбекстан аумағында жәдитер мен қадымшы діни топ арасындағы сүйенетін негіз бұл ислам діні болды. Осы тұста ғалым келесі жағдайға назар аудартады: екі тарапта ислам дініне сүйене отырып, ислам дінін түсіндіруде көзқарастары сәйкес келмеді (Adeeb, 2014:47-48). Негізгі тезис жәдидтер мен олардың қарсыластары арасындағы текетірістің басты өзегі қоғамдағы әлеуеті бар топқа иелік ету (Adeeb, 1999:5-8).

Ғалым өзінің еңбегінде кезекті келесі тұжырым жасайды, Орталық Азияда соның ішінде Өзбекстанның жағдайында қоғамдағы модерни-

зация үдерісінің нәтижесі ретінде 1917 жылғы нүктеде жәдидтер біршама жетістікке жеткен. Ол жетістіктер мектеп, театр ашу, баспа ісінің дамуында көрініс тапты. Дегенмен олардың қарсыласына айналған дәстүрлі діни топтардың да өз ықпалын жоғалтпады мәлімдейді (Adeeb, 1999:281-286).

Жәдидшілдік қозғалысына байланысты Э.Лазарини тарихнамада бұл тақырыптың дұрыс ашылмай және де бір жақты қате түсінік қалыптасқанын жазады. Көптеген зерттеулерде жәдидшілдік модернизмнің бір формасы ретінде қабылданады және де дәстүрлі исламға қарсылығы көрсетілуде. Негізінде жәдидшілдікті заманға сай ислам діни реформасы ретінде түсінген дұрыс. Жәдидшілдік қозғалысының негізгі мақсаты алдыңғы қатарлы немесе дамыған елдердің деңгейіне, заманауи даму деңгейіне жету, соған байланысты қоғамды трансформациялау деп түсінген. Ал заманауи дәуір стандартын Батыс және Орталық Еуропа, және де соның төңірегінде шоғырланған көршілес мемлекеттер мен империялар анықтаған (Lazzerini, 2023).

П.Сартори тұжырымында Орталық Азия мұсылман интеллектуалдарына қатысты тарихнамада жәдидшілдіктің дәстүрлі қалыптасқан нарративінде технология мен теология арасында жасанды қарама-қарсылық жасалған және де Батыстың аймақтағы мәдени өзгерістерге ықпалының әсере сілтеушілігі бар. Тарихшылардың көпшілігі жәдидшілдікті қозғалыс ретінде қарастырады, модернизациямен және технологиялық өзгерістермен байланыстырады, бұндай түсіндірме құбылыстың мағынасын ашпайды сонымен қатар түсінікті тым қарапайым қылады. Жәдидшілдікті ғалым шариғат саласымен байланысының барын және құқықтық шешім шығарумен (иджитхад) байланыстырады. Автор жәдидшілдікті Бухара ислам ғұламаларының жергілікті басқарушы Манғыттар билігі тұсында қоғамдағы билігінің шектелуі нәтижесінде сол ғалымдардың қалыптасқан жағдайға трансформациялануының соңғы кезеңі деп біледі (Сартори, 2016).

Кеңестік және шетелдік тарихнамада жәдидшілдікке қатысты зерттеулер жыл сайын көбейіп келеді, дегенмен бұл қозғалыстың толық зерттеліп және ашылмаған тұстары көп. Қозғалыстың пайда болу уақытына қатысты мәселеге назар аудару қажет, зерттеулерде жәдидшілдік локалды құбылыс ретінде қарастырылады. Жәдидшілдік Э.Лазаринидің пікірі бойынша супераймақтық Ресей империясының шеңберіндегі құбылыс ретінде қарастыруға болады, сонымен

қатар бұл қозғалыстың баламасы әлемнің басқа түкпірінде болғанын естен шығармау керек (Lazzerini, 2023).

А.Франк танымал АҚШ-тың тәуелсіз тарихшы ғалымының зерттеулерінде тақырыбының бірі қазақ даласындағы жәдидшілдікке байланысты. Қазақ даласындағы жәдидшілдікке қатысты зерттеулер көп емес, сонымен қатар ондай зерттеулерде көпшілігі назардан тыс қалып жатады. А.Франк зерттеуінің барысында туындаған сұрақтардың бірі ол жәдидшілдік анықтамасы. Себебі оның пікірі бойынша кеңестік, посткеңестік және де батыс тарихнамасында қазақ даласындағы интеллектуалдар тобына жатқызылған қайраткерлер бір жағынан жәдидтердің қатарына жатқызуға болады (Allen, 2024:170).

А.Франк А.Халидтің жәдидшілдік қазақ даласында болғанына күмәнмен қараған ұстанымына келіспейді. Қазақ зиялы қауымы – зайырлы интеллигенция өкілдері болып саналады. Жоғарыда айтып өткендей оның түсінігінде Орталық Азияда кең жәдидшілдік қозғалыс таралған және біршама қолдау тапқан өңір ол бүгінгі Өзбекстан аумағы (Adeeb, 2021:128-132). Ч.Уэллер танымал америкалық тарихшы осы мәселе бойынша А.Франктің пікірімен бір жерден шығатынын байқаймыз. Ч.Уэллер қазақ даласында жәдидшілдік қозғалыстың таралғанын айтады. Дегенмен олардың нақты аттарын атап өтпеді (Weller, 2014:354).

А.Франк А.Халидтың пікірін жоққа шығару үшін дәлелді дәйектер келтіреді. Ғалым кейбір қазақ ағартушыларын, ақындарын мысал ретінде келтіре келе қоғамдағы модернизация үдерісін қолдағанын, зайырлы білімнің дамуын, сонымен қатар ислам дініндегі реформаларында қолдағанын айтады. Олар жәдид деп аталуға лайықты болсада олар өздерін бұл қатарға жатқызбаған (Allen, 2024:175-176). Ғалымның байқағаны қазақтың аса танымал және де беделге ие қоғамдағы тұлғалары, азаматтары медреседе білім алған, сонымен қатар олар зайырлы білімді үйренуге, діннің реформашылдығын және модернизация үдерісін қолдаған. Осыдан шығып отырған тұжырым оларды жәдидтер деп атауға болар еді, дегенмен олар өздерін бұл қозғалыстың өкілдері деп санамады. Сонымен қатар автор дәл Т.Уяма сияқты қазақ қоғамында халықтың жағдайын ойлаған әртүрлі топтар болғанын айтады. Оның ішінде діни, мәдени және зайырлы бағытта қоғамды ұйымдастыруға тырысқан топтарды ажырата аламыз. Кей жағдайда ислам дінімен зайырлылықты ұштастырып заман талабына сай

қоғамды бейімдеуге үндеген. Оның өкілдерінің мысалы ретінде Т.Уяма зерттеулерінде М.Дулатұлы, А.Құнанбаев сияқты тұлғаларды көре аламыз. Дегенмен осы тұлғалардың жоғарыда айтып өткеніміздей өздерін жәдидшілдік қозғалыстың өкілдеріне жатқызбады.

А.Франк қазақ жәдидтерінің қатарына кімді жатқызамыз деген сұраққа, жауап беру үшін ең бірінші шарт өздерін жәдид деп сануы керек немесе оларды айналасы жәдид деп тануы керек. Жәдидшілдік ғалымның түсіндірмесінде бұл қозғалыс 1905 жылға дейін көбіне тек педагогикалық қозғалыс болған және осы қозғалыстың аясында жүргендер дінді реформалаумен модернизацияны тоғыстыруға тырысқан (Allen, 2024). Ресей империясындағы 1905 жылғы алғашқы орыс революциясы басталған уақыт империяның мұсылман халықтарының арасында мәдени, саяси белсенділіктің бастауына алып келгенінін байқаймыз. Қоғамды модернизациялаудың нақты бір әрекеттерін істеуге тырысқан зиялы қауым пайда болғаны уақыт 1905 жылдан бастау алады деп есептейді (Ross, 2015:57-89), (Mustafa, 2017).

А.Франк қазақ жәдидтерінің анықтамасын айқындауда олардың бойынан келесі белгі: діннің реформасы, модернизация идеяларын қабылдауы және педагогикалық өзгерістерді білім саласында қолдауы (Allen, 2024:178-179). Осы белгілерге қарайтын болсақ қазақ қоғамында мәдени, саяси, діни ағартушылық іс атқарған белсенділердің болғаны анық. Қазақ даласындағы зиялы қауымның алашордалықтардың қозғалысының мүшесі, жақтаушысы болуы оларды бұл қозғалыс қатарынан шығармауы тиіс деп түсінеді (Allen, 2024).

Сонымен қатар ғалым қазақ жәдидтерін қарапайым қазақ зиялы қауымнан және де орыс зиялы қауымынан ажырататын шекара ислам діні аясында реформа жүргізу деп белгілейді. Зиялы қауым қазақ даласында ХХ ғ. екінші жартысында пайда болды. Жәдидшілдікке келетін болсақ Т.Уяма А.Франк сияқты бұл қозғалыстың қазақ даласында болғанына шек келтірмейді, соның өкілінің бір мысалы ретінде М.Дулатұлын жатқызады. А.Франк қазақ даласында жәдидшілдіктің пайда болуын ХХ ғ. екінші жартысында деп белгілеген және жоғарыда біз айтып өткеніміздей бұл қозғалыс 1905 жылға дейін педагогикалық мағынаға ие болған. Біз қарастырып отырған ХХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы діни және де ағартушылық қызмет атқарған Сүйіндік Тілегенұлы (1858–1918), Кашаф ад-Дин ас Сулуки

(1864–1920), Мухамаджан Төлебайұлы (1858–1918), Абд ал-Хаким Теміржанұлы (1875–1932), Макиш Қалтайұлы (1869–1916), Ғұмар Қараш (1875–1921), Мыржақып Дулатұлы (1885–1935), Жанұзақ Жәнібекұлы (1889–1937) және т.б. қазақ жәдидтерінің қатарына жатқызылады. Қазақ жәдидтері діни қызмет, жаңа әдіс бойынша білім үйретумен қатар, дінді реформалауды қолдаған. Сонымен қатар олар сол уақыттағы зайырлы білімді, орыс тілін үйренуге үндеген. Жәдидшілдіктің Орал-Еділ аймағы, Орталық Азия аймағы болсын идеологиялық және интеллектуалды дамуында айырмашылық болмады (Allen, 2024).

Бухара қаласы Орталық Азияның ортағасыр мен жаңа заман уақытында діни орталығы болып саналды. Орталық Азияның және жалпы Ресей империясының біршама интеллектуалдары Бухарада білім алған. Америкалық тарихшы Д.Пикетт Бухараның ерекше қоғамдағы орны бар интеллектуалды элита тобына жататын дін ғұламаларын «полиматтар» қатарына жатқызады. Бухара қаласының және оның төңірегіндегі аймақта дін ғұламаларының қызметі діни саламен шектелмей, басқада қызметтер атқарған (Picked, 2020: 126-127). Бухараның ислам ғұламалары оккультисттік, қазылық, дәрігерлік, әкімшілік, саудагер қырларымен танылды. Діни қоғамда дін ғұламаларының орны халық арасында ерекше құрметке ие. Ислам ғұламаларының білім иесі болуы олардың биліктегі топқа қоғамға ықпал ету тұрғысынан қауіп төндіретіні анық, бұл жағдай Бухара мысалында ғана емес жалпы Ресей империясы жағдайында орын алған.

Д.Росс Ресей империясының шет аймақтарыдағы жүргізген саясатында татар ислам дін өкілдерінің ерекше рөлін айқандайды. Татар қоғамынан шыққан әртүрлі топ өкілдері Ресей империясындағы шет аймақтарында әртүрлі қызмет атқарған. Ресей империясы оларды өз қызметіне пайдаланды. Қазан татарларын Д.Росс империядағы рөлін талдау барысында олардың шет аймақтардағы халықтар мен империяның билігі арасындағы жалғаушы көпір ретінде қарастырады (Ross, 2020:7-12).

Орталық Азияда ұлттық қозғалыстарда өзіндік ерекшелігі болды. Себебі осы аймақтағы халықтарға әртүрлі фактор әсер етті. XX ғасырдың екінші ширегінде Ресей империясында орыс зиялы қауымының пайда болуы әлбетте жәдидшілдік қозғалысының идеялық мағынасына әсер етуі ықтималдығы бар (Weller, 2014:345). Ч.Уэллер Орталық Азиядағы модернистік реформалардың бастауында Еділ татарлары тұрды дей келе, бұл құбылыстың басты мақсаты өздерінің

отарлық билік алдында дамыған халық ретінде көрсету деп тұжырымдайды. Ал татар халқының реформаторлық қозғалысының негізінде тұрған және діни білім беру жүйесін өзгертуге еңбек еткен Шигабутдин Маржани екенін тұжырым жасауында Эллен Каррер д'Анкокс, Айткүль Махаева және Джон Волл сынды ғалымдардың зерттеулеріне негіздеп отыр (Weller, 2014:348-349).

Империялық билік оқу-ағарту саласындағы реформасы арқылы шет аймақтардағы басқару ісіне жергілікті халықты араластыруды мақсат еткен. Ы.Алтынсарин Ресей империясының шет аймақтардағы халықтарды білім жүйесі арқылы мәдени және діни экспансия жасауға тырысқан әрекеттеріне жауап беру мақсатында «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбегін жазған. Бұл еңбек түркі халықтарының Орталық Азиядағы алғашқы модернизация үдерісі аясында ислам дінінің негізін реформалық тұрғыдан баяндайтын кітап (Weller, 2014:353). «Мұсылманшылықтың тұтқасы» Ресей империясының сол заманғы зерттеушілердің және патша шенеунектерінің қазақ даласындағы діни саясатының ықпалының күшейуі бұл еңбектің жазылуының өзектілігін көрсетті (Кэмпбелл, 2022:148-151).

Патша әкімшілігі қазақ даласын жан-жақты зерттеулерін XIX ғасырда жүргізгені белгілі. Жергілікті хал-ахуалмен танысу патша әкімшілігінің жергілікті жерде жүргізетін саясатын анықтап отырды. Я.Кэмпбелл Ы.Алтынсариннің жергілікті патша әкімшілігі үшін сенімді қызметтегі жергілікті халықтың өкілінің біріне айналғанын көрсетеді. Дегенмен Ы.Алтынсарин, патша билігінің жергілікті жердегі саясатына келісетін және келіспейтін тұстары болған. Патша әкімшілігінің көпшілігі қазақтарды отырықшыландырып оларды жер өңдеу мен егін шаруашылығына бейімдегісі келді. Ы.Алтынсарин отырықшылықты қолдағанымен, қазақ даласының біраз жері егін шаруашылығымен айналысуға келмейтінін жақсы түсінгендіктен, мал шаруашылығын отырықшылық жағдайына жетілдіруді дұрыс деп санаған (Кэмпбелл, 2022:157-160).

Қазақ зиялы қауымы модернизация үдерісінде қазақ халқын мәдени және саяси жетістіктерге жеткізу үшін негізі ретінде мерзімді баспаларды пайдаланды. Солардың алғы шебінде А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы және де тағыда басқа қазақ зиялы қауымын осы қатардан көруге болар (Weller, 2014:354). Ресей империясының зиялы қауымының ұлттық мүддені қорғаудың басты құралына баспа ісі айналды.

Қорытынды

Отаршылдық Ресей империясының халықтарының ішкі мәселелеріне назар аударуға итермеледі. Орталық Азияның зиялы қауымы халқының даму деңгейін басқа шет елдермен салыстыру арқылы жасаған тұжырымдары олардың атқарған ісінің нәтижесінің бірі. Оның дәлелі олардың қалдырған интеллектуалдық еңбектері.

XX ғ. екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей империясында модернизация үдерісі Орталық Азия халықтарының өкілі ретінде қабылданған зиялы қауымға заман талабына ілесу үшін өзгерістерге бейімделу керектігін түсіндірді. Бұл күрделі құбылысқа айналды. Қоғамдағы діни фактордың күштілігі зиялы қауымға қоғамды трансформациялауда біраз қиындықтар туғызды, себебі жергілікті халық көп жағдайда модернизацияны діннен алшақтау деп түсінді. Осы міндетті өз мойнына жүктеп дін мен модернизацияны үйлестіруге тырысқан топтың бірі жәдидшілдік қозғалысының өкілдері болды. Зайырлы бағытта қызмет атқарған зиялы қауым қоғамның даму деңгейін

ілгерілету үшін білім мен ғылымға назар аудару керектігін насихаттады.

Орталық Азияның зияткерлік элиталарына қатысты шетел ғалымдарының зерттеулерінің нәтижесінде жасалған тұжырым күрделі аймақтағы дәстүр мен модернизацияның, дін мен зайырлылықтың синтезін көрсетті. Жасалған зерттеулер келесі мәселерді көрсетті: қоғамдағы жәдидтердің рөлін қайтадан талдау қажеттілігін, Орталық Азия зиялы қауымының рөлін интеллектуалды тарих бағыты аясында қарастыру керектігі сонымен қатар шетел зерттеулерінде интеллектуал әйелдердің рөлі көп қарастырылмаған.

Шетел ғалымдарының зерттеулері бұл тақырып аясын жаңа түсіндірмелерімен толықтырды. Орталық Азия интеллектуалдардың қызметіне пәнаралық және архивтік құжаттар негізінде жасалған жан-жақты талдау аймақтың тарихына басқа қырынан қарауға мүмкіндік берді.

Мақала Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің IRN AP19678231 жобасы аясында дайындалған.

Әдебиеттер

- Кэмпбелл, Я. Знание и окраины империи: казахские посредники и российское управление в степи, 1731–1917 / И. Кэмпбелл ; пер. с англ. А. Разина, И. Захарьевой. – М.: Academic Studies Press/Bibliorossika, 2022. – Ориг. изд.: Campbell, I. Knowledge and the empire's periphery: Kazakh intermediaries and Russian governance in the steppe, 1731–1917. – 2022. 391 p.
- Frank, A. J. (2024). Who were the Kazakh Jadids? *Journal of Central Asian History*, 3, 170–198.
- Hroch, M. (1996). From national movement to the fully-formed nation: The nation-building process in Europe. In G. Eley & R. G. Suny (Eds.), *Becoming national: A reader* (pp. 60–78). Oxford University Press.
- Khalid, A. (1999). *The politics of Muslim cultural reform: Jadidism in Central Asia*. Berkeley: University of California Press, 1999. 400 p.
- Khalid, A. (2014). *Islam after communism: Religion and politics in Central Asia*. University of California Press. 260 p.
- Khalid, A. (2021). *Central Asia: A new history from the imperial conquests to the present*. Princeton: Princeton University Press, 2021. 536 p.
- Крадин, Н. (2009) Проблемы периодизации исторических макропроцессов // *История и математика: альманах*. № 5. – С. 166–200.
- Lazzerini, E. (2023). Jadidism, modernity, and Islamic communities of imperial Russia. *Oxford Research Encyclopedia of Asian History*. <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190277727.013.291> [Электрондық ресурс] // <https://oxfordre.com/asianhistory/display/10.1093/acrefore/9780190277727.001.0001/acrefore-9780190277727-e-291> (жүгінген күні: 26.10.2024)
- Mustafa, T. (2017). «Pillars of the nation»: The making of a Russian Muslim intelligentsia and the origins of Jadidism. *Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History*, 18(2), 257–281. <https://doi.org/10.1353/kri.2017.0021>
- Pickett, J. (2020). *Polymaths of Islam: Power and networks of knowledge in Central Asia*. Cornell University Press. 320 p.
- Репина, Л. П. (2008) Контексты интеллектуальной истории // *Диалог со временем*. № 25. – С. 5–11.
- Ross, D. (2015). Caught in the middle: Reform and youth rebellion in Russia's madrasas, 1900–1910. *Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History*, 16(1), 57–89. <https://doi.org/10.1353/kri.2015.0010>
- Ross, D. (2020). *Tatar empire: Kazan's Muslims and the making of imperial Russia*. Indiana University Press. 288 p.
- Rottier, P. J. (2005). *Creating the Kazak nation: The intelligentsia's quest for acceptance in the Russian Empire, 1905–1920* (Doctoral dissertation, University of Wisconsin-Madison). 375 p.
- Sartori, P. (2016). Ijtihād in Bukhara: Central Asian Jadidism and local genealogies of cultural change. *Journal of the Economic and Social History of the Orient*, 59(6), 793–836. <https://doi.org/10.1163/15685209-12341433>
- Sultangalieva, G. (2015). The place of Kazakhstan in the study of Central Asia. // *Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History*, 16(2), 345–358. <https://doi.org/10.1353/kri.2015.0028>

Uyama, T. (1997). *Mirovozzrenie kazakhskikh intelligentov v nachale KhKh veka: O knige Mir-Yakuba Dulatova, Prosnis', kazakh!* [The worldview of Kazakh intellectuals in the early 20th century: On Mir-Yakub Dulatov's Wake Up, Kazakh!]. *Suravu Kenkyu* (Slavyanskii issledovaniya), 44, 1–36. (In Japanese).

Uyama, T. (2000). The geography of civilizations: A spatial analysis of the Kazakh intelligentsia's activities, from the mid-nineteenth to the early twentieth century. *Slavic Research Center*. pp. 70–99

Уяма, Т. (2008) Была ли исламская альтернатива? Место ислама в национальном движении казахов начала XX века / Т. Уяма // *Shygys*. № 4. – С. 143–148.

Уяма, Т. (2010) Бақытжан Каратаев и алашординцы: изменения взаимоотношений // *Вопросы истории и археологии Западного Казахстана*. № 2. – С. 14–19.

Uyama, T. (2013). The changing religious orientation of Qazaq intellectuals in the tsarist period: Sharī'a, secularism, and ethics. In A. von Kügelgen (Ed.), *Islam, society and states across the Qazaq steppe (15th–early 20th centuries)* (pp. 211–238). Austrian Academy of Sciences Press.

Weller, R. C. (2014). Modernist reform and independence movements: Central Asian Muslims and Koreans in comparative historical perspective, 1850–1940. *The Journal of American-East Asian Relations*, 21(4), 343–372. <https://doi.org/10.1163/18765610-02104002>

Уортман, Р. (2023). Что такое интеллектуальная история?. М.: Новое литературное обозрение, 200 с.

References

Campbell, I. (2022). *Znanie i okrainy imperii: kazakhskie posredniki i rossiiskoe upravlenie v stepi, 1731–1917* [Knowledge and the empire's periphery: Kazakh intermediaries and Russian governance in the steppe, 1731–1917] (A. Razin & I. Zakharyeva, Trans.). Academic Studies Press/Bibliorossika. (Original work published in English). 391 p.

Frank, A. J. (2024). Who were the Kazakh Jadids? *Journal of Central Asian History*, 3, 170–198.

Hroch, M. (1996). From national movement to the fully-formed nation: The nation-building process in Europe. In G. Eley & R. G. Suny (Eds.), *Becoming national: A reader* (pp. 60–78). Oxford University Press.

Khalid, A. (1998). The politics of Muslim cultural reform: Jadidism in Central Asia. University of California Press. 400 p.

Khalid, A. (2014). Islam after communism: Religion and politics in Central Asia. University of California Press. 260 p.

Khalid, A. (2021). *Central Asia: A new history from the imperial conquests to the present*. Princeton: Princeton University Press, 2021. 536 p.

Kradin, N. (2009). Problemy periodizatsii istoricheskikh makroprotsessov [Problems of periodization of historical macroprocesses]. *Istoriya i Matematika: Al'manakh*, 5, 166–200. (In Russian).

Lazzerini, E. (2023). Jadidism, modernity, and Islamic communities of imperial Russia. *Oxford Research Encyclopedia of Asian History*. <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190277727.013.291> (Accessed: 26.10.2024)

Mustafa, T. (2017). «Pillars of the nation»: The making of a Russian Muslim intelligentsia and the origins of Jadidism. *Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History*, 18(2), 257–281. <https://doi.org/10.1353/kri.2017.0021>

Pickett, J. (2020). *Polymaths of Islam: Power and networks of knowledge in Central Asia*. Cornell University Press. 320 p.

Repina, L. P. (2008). Konteksty intellektual'noi istorii [Contexts of intellectual history]. *Dialog so vremenem*, 25, 5–11. (In Russian).

Ross, D. (2015). Caught in the middle: Reform and youth rebellion in Russia's madrasas, 1900–1910. *Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History*, 16(1), 57–89. <https://doi.org/10.1353/kri.2015.0010>

Ross, D. (2020). *Tatar empire: Kazan's Muslims and the making of imperial Russia*. Indiana University Press. 288 p.

Rottier, P. J. (2005). Creating the Kazak nation: The intelligentsia's quest for acceptance in the Russian Empire, 1905–1920 (Doctoral dissertation, University of Wisconsin-Madison). 375 p.

Sartori, P. (2016). Ijtihād in Bukhara: Central Asian Jadidism and local genealogies of cultural change. *Journal of the Economic and Social History of the Orient*, 59(6), 793–836. <https://doi.org/10.1163/15685209-12341433>

Sultangalieva, G. (2015). The place of Kazakhstan in the study of Central Asia. *Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History*, 16(2), 345–358. <https://doi.org/10.1353/kri.2015.0028>

Uyama, T. (1997). *Mirovozzrenie kazakhskikh intelligentov v nachale KhKh veka: O knige Mir-Yakuba Dulatova, Prosnis', kazakh!* [The worldview of Kazakh intellectuals in the early 20th century: On Mir-Yakub Dulatov's Wake Up, Kazakh!]. *Suravu Kenkyu* (Slavyanskii issledovaniya), 44, 1–36. (In Japanese).

Uyama, T. (2000). The geography of civilizations: A spatial analysis of the Kazakh intelligentsia's activities, from the mid-nineteenth to the early twentieth century. *Slavic Research Center*. pp. 70–99

Uyama, T. (2008). Byla li islamskaya al'ternativa? Mesto islama v natsional'nom dvizhenii kazakhov nachala XX veka [Was there an Islamic alternative? The place of Islam in the Kazakh national movement of the early 20th century]. *Shygys*, 4, 143–148. (In Russian).

Uyama, T. (2010). Bakytjan Karataev i alashordintsy: izmeneniya vzaimootnosheniy [Baqytzhan Karataev and the Alash activists: Changing relationships]. *Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana*, 2, 14–19. (In Russian).

Uyama, T. (2013). The changing religious orientation of Qazaq intellectuals in the tsarist period: Sharī'a, secularism, and ethics. In A. von Kügelgen (Ed.), *Islam, society and states across the Qazaq steppe (15th–early 20th centuries)* (pp. 211–238). Austrian Academy of Sciences Press.

Weller, R. C. (2014). Modernist reform and independence movements: Central Asian Muslims and Koreans in comparative historical perspective, 1850–1940. *The Journal of American-East Asian Relations*, 21(4), 343–372. <https://doi.org/10.1163/18765610-02104002>

Wortman, R. (2023). *Что takoe intellektual'naya istoriya?* [What is intellectual history?]. М.: Novoe literaturnoe obozrenie, 200 p.

Автор туралы мәлімет:

Сансызбаев Думан Кайратович – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы. E-mail: sansyzbaev.duman@gmail.com

Information about author:

Sansyzbayev Duman Kairatovich – doctoral candidate, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty. E-mail: sansyzbaev.duman@gmail.com

Сведения об авторе:

Сансызбаев Думан Кайратович – докторант, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы. E-mail: sansyzbaev.duman@gmail.com

Келін түсті: 09.01.2025

Қабылданды: 15.03.2025